

**6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**
**Актанова Шолпан Советовнаның «М. Эуезов пен Э. Хемингуэй
шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы
диссертациясына ғылыми қызметінің**

ПКІРІ

Еліміздің тәуелсіздік алудың жалпы ғылымда, оның ішінде рухани дүниетаныммен байланысты әдебиет пен мәдениетте үлкен бір серпіліс болды. Сондай рухани серпіннің арқасында әдебиеттің ғылымының көкжиегі қеңіп, жаңа бағыттағы зерттеу нысандары мен тың тақырыптар дүниеге келді.

«М. Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық еңбекті де жаңа бағыттағы әдебиеттанулық зерттеу деп бағалауға болады. Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен тәсілдер қазіргі әдебиеттегі талдау тәсілдері болып саналады.

Зерттеудің кіріспесінде тақырыптың жалпы сипаты, өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, зерттеу кезінде қолданылған әдістер, ғылыми-теориялық әдіснамасы, зерттеу жаңалығы мен қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары берілген. Жалпы тақырып бойынша терең және тұжырымды пікірлер ұсынылып, ғылыми түрғыдан жан-жақты негізделген.

«М. Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам және табиғат концептісі» деп аталған алғашқы тарауда жалпы әдебиеттанудағы концептілік теориясының зерттелуі және оның түрлері туралы отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйеніп түйінді пікірлер білдірген. Докторант қазақ әдебиетіндегі концептілік категорияларды өз замандарының ең озық, классик жазушылары М. Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам және табиғат ұғымдары негізінде алып сараланған.

«Көркем әдебиеттегі концептілердің ғылыми-теориялық негіздері» деген бөлімінде қазақ әдебиетіндегі макро және микроконцептілердің ғылыми-әдіснамалық сипаты талданып, образ жасаудағы ерекшеліктерін дәйектей отырып көрсеткен.

«М. Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам концептісі» және «М. Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығындағы табиғат концептісі» деген бөлімдерде қаламгерлердің шығармаларындағы адам болмысының табиғатпен байланысы көркем шығармалардан алынған нақтылы және дәлелді мысалдармен көрсетілген. Мысалдардың кестелер мен сурет-схемалар арқылы көрнекті етіп берілуі де диссертацияның құндылығын арттырады.

«М. Эуезов және Э. Хемингуэй: рухани үндестік пен жазушылық таным» деген аталатын тарауында қос классик қаламгер шығармаларындағы танымдық және рухани үндестік мәселесі талданған.

«М. Әуезов және Э. Хемингуэй шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар» бөлімінде зерттеуші М. О. Әуезов шығармаларындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық сияқты адам жаңын құлдырауын бейнелейтін концептілік категориялар арқылы жалпыадамзат баласына ортақ құндылықтарды көрсеткенін дәлелді түрде берген. Ал, америкалық жазушы Э. Хемингуэй шығармаларындағы сырттай еркін болып көрінген дамыған деген батыстық қоғамның өзінде әйел үшін тар құрсаулар мен тыйымдарының көп екенін нақтылы мысалдар арқылы көрсеткен.

Қазақтың дарынды жазушысы Мұхтар Әуезов пен америкалық жазушы, Нобель сыйлығының иегері Эрнест Хемингуэй шығармаларын салыстыра отырып зерттеу, сонымен қатар, екі жазушының шығармашылығындағы үндестік пен өздеріне ғана тән ерекшеліктерін саралау арқылы қазақ халқының рухани дүниетанымын жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыста қарастыру мүмкіндігі жасалған.

Жазушылардың шығармашылық тоғысу тұстары «Шал мен теңіз», «Килиманджара - қарлы тау», «Күн де көтеріледі. Фиеста», «Қош бол, майдан!» мен «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Көксерек», «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен» тағы да басқа туындылардан алынған мысалдар арқылы көрінеді.

Аталған тараудың бөлімдерінде қос қаламгер шығармаларындағы образдардың сомдалуы салыстыра отырып шығармаларындағы «қорғансыздар» тақырыбы – ең өзекті тақырып екенін көрсете білген. Қос жазушының ойлары мен пікірлері тоғысқан жері, тәуелсіздікке ұмтылған халықтың қорғансызы болғанымен, рухтары мықты, намысқор екендіктерін әрбір шығармаларында көрсетіп отырғанын диссертант салғастырмалы түрде саралап көрсете білген.

Екі түрлі қоғамдық ортадағы әйел адамдардың көркем бейнесі арқылы сол ортаның тарихи суреті айқындалады. Мәселен, қазақ әйелдерінің М. Әуезов шығармаларындағы әр қырынан көрінуін зерттеуші жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдайды. Э.Хемингуэй мен М.Әуезов шығармаларындағы әйелдер бейнесіндегі концептілік категориялар әйелге тән мінез бен қоғамдағы алатын орындарының маңыздылығына байланысты айқындалатыны нақтылы мысалдар арқылы көрінген. М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі Қарагөз бен Э.Хемингуэйдің «Жаңырдағы мысық» әңгімесіндегі «америкалық әйел» образдарындағы концептілік екі түрлі қоғамдық ортаның өздеріне ғана тән ережелері бола тұра жалпы әйел бақыты деген ұғым аясында ашылған.

«М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында кейіпкер бейнесін сомдаудағы психологизм» жазушылардың шығармаларындағы кейіпкер мен автор психологизміне назар аударып, олардың ерекшеліктерін нақтылы талдаулар арқылы аша білген.

Диссертацияда «балалық шақ» концептісі кейіпкерлердің жеке мінездері мен жалпы балаларға тән ерекшелікті дәйектеу арқылы ашылған. Докторант туындылардағы балалар бейнесін саралап, кестеге түсіріп, нақтылы мысалдармен бере отырып, «балалық шақ» концептісінің теориялық

негіздерін көрсете алған. Балалардың көркем бейнесі М. Әуезовтегі Қасым мен Сейіт және Э. Хемингуэйдегі Манолин, Шац образдарындағы трагедиялық сипат пен «Абай жолы» романындағы Абай, Оспан бейнелеріндегі балаға тән еркелік пен тентектік «балалық шақ» концептің аясында салыстырыла талданған.

«М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында көркемдік таным үйлесімділігі» деген бөлімінде қос классиктің рухани үндесуі адам жаңының рухани экологиясы концептісі аясында қарастырылғаны да құптарлық. Докторант экология дегендегенде адамның табиғатқа келтірген зияны деген түсінікпен шектелмей жалпыадамзат қоғамындағы асқақтау мен құлдырау категориялары негізінде талдаған. Сонымен қатар жазушылардың жеке дүниетанымдары негізінде қалыптасқан Э. Хемингуэйдегі «жоғалған ұрпак» пен М. Әуезовтегі «оқыған азамат» концептілері тұрғысынан қарастыра келіп, жалпыадамзатқа ортақ проблемаларды дәйектеген.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын Актанова Ш.С. алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне сай қорытындылаған. Диссертациялық жұмыстың ішкі логикалық байланысы жүйелі түрде берілген.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері, диссертацияға қойылған талаптарға сай. Жұмыстың нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық маңызы жоғары. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалары да ғылыми еңбектің мазмұнымен толыктай сай келеді.

6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Актанова Шолпан Советовнаның «М. Өуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациясы «ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сай орындалған жұмыс ретінде Ғылыми - кеңесте қорғауға лайықты деп саналады.

Ғылыми көңесші:

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Еспенбетов А.С.



15 11 20 3 ж.